

**Ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, доцент Рамазан Айгүл Әмірғалиқызының
6D050400 – журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Кумарова Меруерт Кумаровнаның «Ашық қоғам жағдайындағы
ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

| p/c № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|--|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Сәйкес келеді Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми -техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік -гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»: Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілді. Алынған нәтижелерді журналистика ғылымында, БАҚ арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты реттеу мен жүргізудің республикалық және аймақтық іс-тәжірибеде, сонымен қатар журналистика пәндерін оқыту барысында қолдана алады |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> . | Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, атап айтқанда журналистика теориясының кеңеюі мен тереңдеуіне ықпал етеді. Мемлекеттік ақпараттық |

| | | | |
|----|----------------------|--|--|
| | | | саясатты жүргізудің тиімділігі мәселелері көрселіп, олардың қолданылуы мен қызметі анықталған. Жұмыстың маңыздылығы жақсы ашылған: жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы толыққанды көрсетілген. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Диссертациялық жұмыстың автордың өзі жазуы деңгейі жоғары, өйткені қазақстандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақыры бойынша көлемді теориялық әдебиеттер қарастырылып, сыни талдау жасалды. Жаңа тақырыпты талдау арқылы проблемалық мәселелерді шешудің жолдары ұсынылған. Зерттеу объектісі – бұған дейін зерттелмеген тақырып. Жұмыстың жоғары деңгейдегі дербестігін мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бағытындағы республикалық және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарына талдау жүргізілгені айғақтайды |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | Негізделген. Автордың еліміздегі азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңіндегі БАҚ институтындағы маңызды өзгерістерді, ақпараттық саясат пен қоғамның қажеттіліктерін іске асыру тетіктерін жетілдіру проблемаларының зерттеуі мәселелердің өзектілігін жаңа қырынан айшықтай түседі. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | Толығымен айқындайды. Диссертацияның мазмұны тақырыпты толық айқындайды. Тақырыпта көтерілген ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелері логикалық және дәйекті түрде зерттеудің үш тарауында ашылады. Теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделіп, ақпараттық саясаттың тұжырымдамалық сипаттамалары түсіндіріледі, мемлекеттік органдар мен БАҚ арасындағы өзара жұмысына талдау жасалады. |

| | | | |
|----|-------------------|---|---|
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> | <p>Сәйкес келеді. Жұмыс айқын көрініс тапқан мақсат пен міндеттерден туындайтын қабылданған теориялық принциптерді ескере отырып құрылымдалған. Белгіленген міндеттер мақсатқа жету тәртібін ашады.</p> |
| | | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p> | <p>Толық байланысқан. Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері толығымен өзара байланысты. Зерттеудің барысында алынған нәтижелер ішкі бірлікпен және логикалық дәйектілікпен сипатталады. Алынған нәтижелердің анықтығы, ішкі бірлігі зерттеушінің ұстанымын дәлелдеумен, талдауға дәйекті тәсілдерді таңдаумен, жұмыстың толықтығы мен тұтастығымен қамтамасыз етіледі.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>Еңбекте сыни талдау бар. Автор тарапынан ұсынылған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Қолданыстағы мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімсіз тұстарына, оларды жақсарту мақсатында жаңа, тың идеялар ұсынылған.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> | |
| | принципі | <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Толығымен жаңа. М. К. Кумарованың диссертациясы жеткілікті түрде зерттелмеген немесе мүлдем зерттелмеген бірқатар мәселелерді шешеді. Алынған жұмыс нәтижесі толығымен жаңа болып табылады.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлігінде ұсынылған диссертация қорытындыларының жаңашылдығы күмән тудырмайды. Диссертацияның барлық негізгі қорытындыларының жаңалығы – олардың диссертация тақырыбымен, оның мақсаты мен міндеттерімен, қорғауға шығарылатын мазмұны</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------------|---|---|
| | | | мен ережелерімен толық арақатынасымен негізделеді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделгенбе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Рецензияланған диссертация гуманитарлық пән бойынша дайындалғандықтан техникалық және технологиялық, шешім қабылдауды мақсат етпейді. Дегенмен, ақпараттық саясаттың тиімділік мәселелері экономикалық немесе басқарушылық салаларға өз сөзсіз әсер етеді. Автордың жұмыстағы осы бағыттағы жаңашылдық қорытындылары толығымен жаңа болып табылады және олар негізделген. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. |

| | | | |
|----|--|---|--|
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденді. Өйткені диссертант тарапынан көтерілген мәселелер жетілдіріп, жүйеленді. Ашық қоғамды дамыту факторы ретінде бұқаралық ақпараттың тәуелсіздігіне негізделген ақпараттық процестерді мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктері көрсетілді.</p> <p>Екінші қағидат дәлелденді. Зерттеуші заманауи ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясаттың қоғамның қалыптасуында басты рөл атқаратындығын, тиімді ақпараттандыру – саяси, әлеуметтік дамудың кілті екенін дәлелдейтін ғылыми дәлелдер ұсынды.</p> <p>Үшінші қағидат дәлелденді. Азаматтардың бостандық пен әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуын, олардың саяси процестерге қатысуын ынталандыруды және азаматтарды теріс бағдарлардан сақтандыруды көздейтін міндеттердің орындалуын анықтайтын саяси контексті қалыптастырудағы БАҚ-тың қызметі көрсетілді.</p> <p>Төртінші қағидат дәлелденді. Диссертант тарапынан қазақстандық медиа ұйымдардың ерекшеліктері мен объективті бейнесі беріліп, отандық және шетелдік БАҚ туралы статистикалық деректер қоры жинақталып сарапталды, Қазақстан мен шетелдік БАҚ саясатына салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Жаңа дәуірдегі Қазақстан қоғамында ақпараттық-коммуникациялық медиатехнологияларды игеру деңгейі, отандық бұқаралық ақпарат қызметіне енгізу бағыттары сараланып, ақпараттық тұрғыда басқару сипаттарын ұлттық болмысымызға бейімдеу жолдары, осы маңызды саланы ұтымды жетілдіру жолдарының мәселелері қарастырылды.</p> <p>Бесінші қағидат дәлелденді. Мемлекеттік</p> |
|----|--|---|--|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>ақпараттық саясат ұғымы мемлекеттің негізгі коммуникативті, ақпараттық және идеологиялық функцияларын іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың ақпараттық саласындағы заңға сәйкес қажетті ресурстық қамтамасыз етуге негізделген қызмет ретінде нақтыланды. Қазақстандағы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін қазіргі құқықтық базаны жетілдіру қажеттігі анықталды.</p> <p>7.2 Бірінші қағидат тривиалды емес, өйткені ол журналистика ғылымының жетістіктерін кеңейтеді және тереңдетеді. Екінші қағидат та тривиалды емес, өйткені мемлекеттік ақпараттық саясат, қоғамдық сана туралы жаңа көзқарас ұсынылған. Үшінші қағидат тривиалды емес, өйткені саяси контексті қалыптастырудағы БАҚ-тың жұмысы кеңінен сипатталған. Төртінші қағидат тривиалды емес: ақпараттық-коммуникациялық саланы ұтымды жетілдіру жолдарының мәселелері талданған. Бесінші қағидат ақпараттық саясаттың мазмұндық табиғатын зерттеудің көптеген құралдарын тартуға байланысты тривиалды емес.</p> <p>7.3 Бірінші қағидат жаңа, өйткені отандық журналистика ғылымын мемлекеттік ақпараттық саясат ұғымы енгізіледі. Екінші қағидат та жаңа, өйткені тиімді ақпараттандыру – саяси, әлеуметтік дамудың кілті екенін дәлелдейтін ғылыми дәлелдер ұсынылған. Үшінші қағидат жаңа, өйткені бұқаралық ақпараттың тәуелсіздігіне негізделген ақпараттық процестерді мемлекеттік реттеудің мүмкіндіктері көрсетілген.</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | | <p>Төртінші қағидат жаңа. Қазақстанның медиа жүйесі құрылымдық функционализм шеңберінде қаралып, бұқаралық ақпарат беру кешенінің өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі түзететін шағын жүйе формасында нақты саяси және институционалдық жағдайларда тиімді жұмыс істейтіндігі айқындалған.</p> <p>Бесінші қағидат та мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бойынша жаңа ұсыныстар мен іс-шаралар әзірленді.</p> <p>7.4 Көрсетілген барлық қағидаттардың қолдану деңгейі кең. Теориялық тұрғыдан гуманитарлық салада көтерілген қағидаттар қолдана алады. Жоғарғы оқу орындарының журналистика, қоғаммен байланыс, саясаттану бағыттары бойынша қолдану аясы кең.</p> <p>Сонымен қатар қазіргі таңда мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері республикалық деңгейде министрліктерде, ұлттық компанияларда, аймақтық деңгейде облыстық әкімдіктер мен басқармалар үшін өзекті болып тұр. Сондықтан тәжірибелік қолдану тұрғысынан көрсетілген мәселелердің аясы кең болады.</p> <p>7.5 Бірінші қағидат келесі мақалаларда дәлелденген: Ұлттың даму потенциалы мен ақпараттық технология, жаңа медиалардың ықпалдастығы; Материалы международной научно-практической конференции конференции Современная наука: проблемы, идеи, тенденции (Modern science: problems, ideas, trends)» Прага, Чехия. – февраль, 2019. – с. 283-288), Human Capital as an Intellectual Investment in the Future ЕҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы, №1(122), 2018 ж., Астана, (Қазақ университеті,</p> |
|--|--|--|---|

| | | | |
|----|--|--|---|
| | | | <p>49-55 бб); Екінші қағидат келесі мақалаларда дәлелденген: «Цифрлық дәуірдегі коммуникативтік ортаның эволюциясы» (Материалы международной научно-практической конференции конференции «Актуальные вопросы современных научных исследований (Topical issues of modern scientific research)» (Минск, Белорусь. -февраль, 2019. с.158-162.); Comprehensive analysis of multimedia storytelling in the modern information space (Opción, Año 35, 2019 No.89 696-715);</p> <p>Үшінші қағидат «Жаңалықтар қызметіндегі мәтіндердің әсер ету әлеуеті» (Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы ғылыми журналы, Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы КМУ №1/2019. -281-286 б.б) мақаласында дәлелденген; Төртінші қағидат «Information and communication technologies aimed at intellectual nation formation: foreign experience and national model» (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы, №47(1), 2018 ж., Алматы, Қазақ университеті, 39-42 б.б) мақаласында дәлелденген; Бесінші қағидат «The Cultural and Educational Mission of Kazakh Television» (Media Watch, 11(4) pp.721-727) мақаласында дәлелденген.</p> |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер менұсынылған ақпараттың | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ | <p>Ия.</p> <p>Әдістеменің таңдап алынуы негізделген, әрі нақты жазылған. Әдіснаманы таңдаудың негіздемесі және оның сипаттамасы бірінші тарауда, жұмыс барсында тұжырымдамалық сипаттамаларды көрсетуде жеткілікті түрде толық ұсынылған.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|--|---|
| | дәйектілігі | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> | Ия. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерін өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды. |
| | | 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> | Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеумен дәлелденеді және расталады. |
| | | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер ағымдағы қолданыстағы және сенімді ғылыми әдебиеттерге дегендегі сілтемелермен расталады. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен пайдаланылған дереккөздердің елеулі тізімі берілген. |
| | | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертация тақырыбына байланысты қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі негізгі еңбектер қамтылған: |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u> | Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Себебі, қазақстандық медиа ұйымдардың ерекшеліктері мен объективті бейнесі жасалып, отандық және шетелдік БАҚ туралы статистикалық деректер қоры жинақталып ғылыми талқылауға ұсынылды. Еңбекте мемлекеттік ақпараттық саясат ұғымы мемлекеттің ақпараттық және идеологиялық функцияларын іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың ақпараттық |

| | | | |
|-----|---------------------------|---|---|
| | | | саланы реттейтін заңдарға сәйкес қажетті ресурстық қамтамасыз етуге негізделген қызметі түрінде нақтыланды. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> | Зерттеу нәтижелерінде отандық бұқаралық ақпарат қызметіне енгізу арқылы осы саланы ұтымды жетілдіру жолдары қарастырылған. БАҚ-тың билік пен бизнестің конъюнктуралық мүдделеріне бағынуына жол бермеуді және тәуелсіз медианың әлеуетін күшейтуді, өңірлік бұқаралық ақпарат нарықтарының мүдделерін қорғауды, БАҚ-ты монополияландыру деңгейін реттеуді, ақпараттың қолжетімділігі тұрғысынан ұлттық заңнаманы жетілдіруді қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттарды қабылдаудың өзектілігін айшықтайтын ұсынымдардан да диссертацияның практикалық құндылығын байқаймыз. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u> | Толығымен жаңа. Зерттеу материалдары мен нәтижелерін практикаға енгізу үшін университеттің дәріс курстарында пайдалану, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық саясатты жүргізу бойынша жұмыс тәжірибесінде қолдану ұсынылады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> . | Автордың тілдік мәдениеті жоғары деңгейде. Бұл – зерттеуді жазу стилінің айқындылығынан, жүйелілігінен, тұжырымдарының туралығынан анық көрінеді. |

Кумарова Меруерт Кумароваға 6D050400 – журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді қолдаймын.

Филология ғылымдарының докторы, доцент

10.08.21



Рамазан А.Ә

